

Қ.Қ.Әбдірахманова

1945–1953 жж. Орталық Қазақстанның күнделікті қалалық өмірі

Мақалада соғыстан кейінгі кезеңдегі Орталық Қазақстанның күнделікті тарихы қарастырылған. Күнделікті тарих қазіргі кезеңдегі маңызды бағыттардың бірі екендігі сөзсіз. Идеологиялық шектеулер алынып тасталған қазіргі жағдайда қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси құрылымында түбірлі өзгерістер іске асты. Осыған байланысты жаңа мұрағат материалдарын зерттеу және оларды ғылыми айналымға енгізу маңызды міндет болып табылады.

K.K.Abdrakhmanova

The City humdrum of Central Kazakhstan in 1945–1953

In article author considers a history of daily of the Central Kazakhstan in after war period. History of daily is one of perspective directions in modern historical science. At present time, when repealed ideological limitations, it was happened coordinate changes in social, economy, political structure of society. In this connection actual tasks are study a new archives materials and introduction it in scientific circles.

ӘОЖ 94 (574)

С.Ф.Мажитов

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы

Мұхаммед Хайдар Дулат мұрасы мен жерленген жерін зерттеудегі келелі мәселелер

Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының зерттеу жұмыстары хақында

Мақалада автор Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының зерттеу жұмыстарының негізгі бағыттарын қарастырды. Мұхаммед Хайдар Дулаттың жерленген жерін және оның мұрасын зерттеуге арналған Үндістанда жүргізілген ғылыми экспедиция жұмыстары талданды.

Кілтті сөздер: тарих және этнология институты, Мұхаммед Хайдар Дулат, «Мәдени мұра» бағдарламасы, Үндістан экспедициясы, тарихи, ұлттық идея, ғылыми-қолданбалы зерттеу, парсы деректер, үнді-парсы деректер, аударма.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2008 жылғы 13 маусымдағы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қоғамдық кеңесінің кеңейтілген отырысында оны іске асыруды тапсырғандығын айта келе, еліміздің мәдени мұрасы орны толмас құнды рухани, мәдени, экономикалық және әлеуметтік қазына екендігін, осы арқылы әлемдік ғылыми ой-сананың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру жөнінде өте қомақты нәтижелерге қол жеткізілгендігін, ол елдегі және шетелдік зиялы қауым тарапынан жоғары бағаға және өзінің әрі қарай іске асырылу құқығына ие болғандығын атап көрсетті.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ұсынысы бойынша Мұхаммед Хайдар Дулаттың жерленген жері және ғылыми мұрасына қатысты іс-шаралар 2008–2009 жж. ЮНЕСКО-ның жоспарына енгізіліп, 2010–2011 жылдарда «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық жоба есебінен зерттеу жұмыстарын жүргізуге арнайы қаражат бөлініп отыр.

Сондықтан бұл мақалада Қазақстан тарихы мен тарихшыларының қара шаңырағы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының соңғы жылдарда жүргізген зерттеу жұмыстары хақында арнайы мәлімет бергенді жөн деп санаймыз. Біз тек үш нәрсеге көңіл аударайық.

Бірінші. 2006 жылдың қазан айында аталған Институт пен Кашмир университетінің Орталық Азияны зерттеу орталығы арасында меморандумға қол қойылып, бірқатар тарих саласындағы, соның ішінде зерттеуге Мұхаммед Хайдар Дулаттың жерленген жері және ғылыми мұрасына қатысты мәселелерді ғылыми тұрғыдан және заңды негізде зерттеуге мүмкіндік ашылды. Аталған келісім-шартқа қол қояр алдында, яғни қыркүйек айында, Кашмирде болып, алғашқы рет «Мазар-и Салатиндегі» Мұхаммед Хайдар Дулаттың, оның айналасындағы жатқан адамдардың зират құлпытастарын көріп, арнайы Құран бағыштадық. Оларды таспаға түсіріп, елге қайтқан соң Институттың ғылыми кеңесінде баяндама жасалған еді. Сол сапарда бірнеше Үндістан ғалымдарымен сұхбаттасып, М.Х.Дулат жөнінде арнайы зерттеулер қажеттілігіне көзіміз жетті.

Алыс шетелдердегі қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларының ішінен Мұхаммед Хайдар Дулат мұраларының алатын орны ерекше. Тәуелсіздік таңы атысымен-ақ академик М.Қ.Қозыбаев оны тұңғыш қазақтың тарихнамашысы, ал профессор Әбсаттар Дербісәлі қажы оған қазақ тарихының Геродоты деген атақ берді. Ол дулат руынан шыққан, Кашмир жерінде өмір сүріп, оның билеушісі болды. Оның денесі қазіргі заманғы Кашмир территориясы орналасқан жерге берілді. Бірнеше жыл бұрын оның жерленген жері туралы мәселенің қозғалуына хазрет Әбсаттар Дербісәлі күш салды. Бірақ соңғы жылдардың зерттеу жұмысы бұл мәселенің күрделі екендігін көрсетті. Сондықтан да арнаулы ғылыми зерттеулер, М.Х.Дулаттың нақты жерленген жерін анықтау және қосымша мәліметтер алу, жаңа деректер мен құжаттар табу мақсатында, Үндістанға экспедициялық сапарлар жасалуы қажеттілігі бірінші орында тұрды.

Институттағы «Қазақстанның тарихи өткені мен келешегінің ұлттық идеясы» ғылыми-қолданбалы зерттеу аясында 2008 жылдың 10–18 қазаны аралығында Мұхаммед Хайдар Дулаттың жерленген жерін іздестіру және белгілеу бойынша Сринагар қаласына (Кашмир, Үндістан) жалпы шолу мақсатында ғылыми экспедиция жасалынды. Экспедицияға осы мәселе төңірегінде айналысатын мамандар, сол сияқты арнаулы аудармашы және режиссер-оператор қатысты. Экспедиция материалдары алдыңғы белгілі мәліметтер жүйесін кеңейтуге мүмкіншілік берді. Төменде белгілі антрополог, академик Оразақ Смағұловтың жасаған есебінен үзінді келтіре кетуді жөн санадық.

«Жалпы шолу мақсатындағы экспедиция. Экспедиция конференция жұмысымен ұштасты. Сринагар қаласындағы саяси және діни ахуалдың тұрақсыздығына орай, оны жүзеге асыру оңайға соқпады және Мырза Хайдар Дулати жерленген жерге зиярат ету де, қақтығыстарға байланысты қиыншылықтарды болдырмау мақсатында, профессор Муштак Кау басшылығындағы Орталық Азия зерттеу орталығы мен университет ректоры Риаз Пенджаби біздің қауіпсіздігіміз бен қысқа уақыт ішінде М.Х.Дулатидің жерленген орнымен танысуымыз үшін қажетті шараларды жасады. Біз жоғарыда аталған мекеме басшылығына зор ризашылығымызды білдіреміз. Сонымен қатар айта кететін ерекше жайт, Кашмир ғалымдары арасында үлкен сенім мен беделге ие болған біздің Институтымыздың директоры, профессор С.Ф.Мажитовтың белсенді ғылыми қызметін атап айту қажет. Біздің Мырза Хайдар Дулатидің жатқан жерімен танысып, көруге рұқсат алуымыздың себебін осылай түсіндіруге болады. Экспедиция құрамындағы 5 адам (С.Ф.Мажитов, О.Исмағұлов, З.Қинаятұлы, Г.Атабаева, О.Шуппо) 2008 ж. 17 қазанында зиратқа бардық. Онда XIV ғасырда Зайнул Абединнің анасының құрметіне салынған «Бадшах ханум» деп аталатын тамаша архитектуралық мавзолей орналасқан. Жалпы зираттардың кейбір түрлері мен Мырза Хайдар Дулатидің жерленген зиратына бейнетүсірілім жасадық. Себебі бұл жалпы шолу мақсатындағы экспедициясында зираттың төбеден қарағандағы құрылысының нақты өлшеу жұмыстарын жүзеге асыра алмадық. Бірақ өзім бейнетүсірілімдер жасадым, осы уақытта О.Шуппо бейне ұнтаспаларға түсірсе, З.Қинаятұлы тас тақтадағы жазба мәтінін жазып алумен айналысты, Г.Атабаева ұйымдастыру жұмыстарын басшылыққа алды. Сонымен қатар Мырза Хайдар Дулатидің жерленген орнынан қазақстандық жерлестерімізге естелік ретінде бір уыс топырақ алдық. Жалпы, менің ойымша, біздің жалпы бағдарлау мақсатындағы экспедициямыз сәтті болды және Хайдар Дулатидің өмірі мен қызметін зерттеуде жақсы бастама қызметінің қалыптасуына негіз болды. Барлық жинақталған мәліметтерді Тарих және этнология институтынан табуға болады».

Бұл жерде айта кететін бір жағдай, ол аталған ғалымдардың Мұхаммед Хайдар Дулаттың тұрған жеріне барғандығы. Ол жер бір мәліметерде «Индеркол», екіншісінде «Индракот» деп аталады. Сол жерге барғанымызда бабамыздың аяғы басқан жерде көптеген жер үйлер тұрғызылып, үйіліп жатқан тастарды ғана көрдік. Ал жергілікті адамдарды сұрастырай келе, олардың көмегімен бір мешіттің қасына бардық. Оның сыртқы жағында, яғни артқы қабырғасында, тас дуалмен қоршалған жер бар екен. Ішіне қарай кіргенде көргеніміз тек аласа бойлы ағаштар мен жапырақсыз шыбықтар.

Жергілікті жас тарихшы бұл жерде Мұхаммед Хайдар Дулат қаза тапқан шайқасқа қатысқан адамдардың сүйегі жерленген деді. Сонымен қатар сол жерде басқа адамдардың ауызынан Мұхаммед Хайдар Дулаттың өзі мүмкін осы, әлде басқа жерде жерленген деген екіталай пікірлер айтылды.

Екінші. Жүргізілген экспедициямен бір мезгілде 2008 жылдың жазынан 2009 жылдың сәуір айына дейін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен және Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасымен біріге отырып, «Мырза Мұхаммед Хайдар Дулат парсы деректерінде» деген үндістандық профессор, осы мәжілісімізге қатысып отырған белгілі ғалым Мансура Хайдардың даярлаған кітабына аударма жасалынды. Жалпы бұл жобаның идеясының авторы және кітаптің бас редакторы — еліміздің Бас муфтиі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әбсаттар Дәрбісәлі. Жұмыс орыс тілінде орындалғандықтан, оған осы мақала авторы орысша мәтіннің редакторы болды. Ал парсы тіліндегі, яғни арнайы тарихи мәліметтердің редакторы қызметін атқарған белгілі ортағасырлар тарихы маманы, үстіміздегі жылы 75 жасқа толып отырған біздің Институттың қызметкері Пищулина Клавдия Антоновна.

Профессор Мансура Хайдар өз еңбегінің кіріспесінде: «Қазақтар Мирза Мухаммад Хайдар Дулатты өздерінің ұлттық тарихнамашысы ретінде мойындағанша және оның барлық жетістіктерін көрсетіп, оның (енді) ұмытылмас есімінің даңқын шығарғанша ол белгісіз болып, ұзақ уақыт бойы Моғолстан ханзадаларының бірі болып қала берді. Енді бұл туралы айтудың қажеттілігі жоқ; сөзсіз, мерзімінен кешігіп айтылса да қазақтың ұлы қайраткерлерінің өкілі ретінде Мирза Хайдар өзінің отандастары тарапынан құрмет пен мақтауға әбден лайықты. Сондықтан да қазақ достарымның Хайдар Дулаттың өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі ерекше қызығушылық ынталары менің өзімнің қазақ достарым үшін (оның) заманына тең және кейінгі үнді-парсы деректерінен алынған алғашқы мәліметтерді жинауыма және құрастыруыма себеп болды. Мәтіндердің үзінділері дерек ретінде және аударма түрі ретінде де көрсетілді. Кейбір қажет деген тұстарына өзгерістер енгізіліп, аудармасы қайта жасалынды. Ағылшын тілінде қысқа ғана мазмұндалған кейбір еңбектер бұрын аударылмаған. Бұл жұмыста түзетуді қажет етпейтін аудармалар да берілді», — деп жазады [1].

Үшінші. Аталмыш мәселеге байланысты ерекше жетістік — ол үстіміздегі жылдың маусым айында Қалиеқова Мансура Әбсаттарқызының «Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы: тарихнамалық талдау (XVI ғ. ортасы — XXI ғ. басы)» 07.00.09 — «Тарихнама, деректану және зерттеу әдістері» мамандығы бойынша тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясын қорғауы. Бұл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің қабырғасында орындалған жұмыс бүгінгі Қазақстан тарихнамасының шын мәнінде үлкен оқиғасына айналып, дулаттанудың ілгері жылжуына қосылған қомақты үлес деп айтуға толық негіз бар. Себебі сол диссертацияға бірінші оппонент болуыма байланысты, қорғау алдында онымен өте мұқият танысып, жан-жақты талдауға тура келді.

Ұлтымыздың тарихы мен мәдениетін жаңғыртуда, халқымыздың тарихи-мәдени мұрасының өзіндік құндылықтарын қайта екішелеп, жүйелеуде тарихнамалық зерттеулер ерекше маңыздылық танытып отыратындығы баршамызға аян. Сондықтан тарихнамалық талдау тұрғысынан жазылған, яғни XIII–XVI ғасырлардағы дереккөздерін ұпайлап, оларға қажетті баға беруге арналған диссертациялық жұмыстың дүниеге келуі, сөзсіз, маңызды да, мәнді. Және де бұл қазіргі кездегі М.Х.Дулат туралы ең жаңа жұмыс болғандықтан, оған арнайы тоқталғанды жөн көріп отырмын.

Бүгінгі таңда қоғамда жүріп жатқан көптеген өзгерістерге дұрыс баға беру үшін және де мемлекетіміздің болашақ әлеуметтік дамуына болжау жасау жолында өткен тарихымызға жиі үңілген жөн. Біздің тарихи санамыздың түптамыры қайда жатқанын, шыққан тегімізді сездіретін тарихи тұлғалардың бірі ұлы ойшыл, тарихшы, стратег, ғалым, түркітанушы Мұхаммед Хайдар Дулат (1499–1551). Қазақ хандығының қай кезде пайда болғандығын «бір Аллаһ біледі!..» жазған бұл ғұлама, сол сөзімен ол түркілік этникалық бастауымызда жатыр деген сезімді қалдыра білді, оны дәлелдеді [2].

Жоғарыда айтылған мәселелер төңірегінде талданып отырған диссертацияның тақырыбы мен оның қажеттілігі қазіргі кездегі ғылым мен қоғамның дамуына сәйкес келетіндігі сөзсіз. Екіншіден, талданып отырған диссертацияның тақырыбы ғылыми зерттелуі жағынан, тарихнамада бұл тақырыпта жазылған еңбектердің сапасы тұрғысынан, көпшілікке жарияланған тарихи фактілер мен ақиқаттың құндылығы деңгейінен алғанда, қорғауға ұсынылып отырған бір ғана еңбекпен де шектелуі мүмкін емес. Аталып отырған диссертацияның тақырыбы көпшіліктің, оның ішінде мемлекетіміздің тарихшылар мен қоғамтанушылар алдына қоятын талаптарынан туып отырғаны бірден байқалады [3: 3–9].

Талданып отырған диссертацияның тақырыбы ортағасырлық Қазақстан және оның Орта Азия тарихындағы ірі тұлғамен байланысы, сондай-ақ басқа да бірқатар проблемаларды тарихнамалық тұрғыдан қарастыру мақсаттарымен ғана шектелмейді, олардың пайда болуын және зерттелу үрдісіндегі ерекшеліктердің негізін қалпына келтіруді көздейді. Бұл негіз қоғамдық санада тарихи мұраларды халықты біріктіру символы, ел бүтіндігінің және ұлттық танымды нығайтудың факторы ретінде қалыптастыру болып табылады. Сондықтан зерттеу тақырыбы және автордың ұсынып отырған ой-пікірлері еліміздің тұрақты даму стратегиясының маңызды факторларымен үндесіп, ізденушінің өзіндік жасаған қадамдарының бірі болып табылады.

Зерттеу жұмысы — Қазақстан тарихының өзекті және келелі мәселелеріне сай жазылған еңбек. Қазіргі қоғамдық ғылымдар саласында кеңінен қолданысқа енген зерттеу тәсілдерін пайдалана жазылған жұмыстың құрылымдық қойылымы да тиянақты орындалған.

Мазмұны жағынан алғанда ізденуші диссертацияда Мұхаммед Хайдар Дулаттың өмірі мен шығармашылығына байланысты XVI ғ. ортасы — XXI ғ. басындағы тарихнамалық зерттеу үрдісінің талдауының дамуына жататын бірқатар мәселелерді қарастырғаны анық көрінеді [3; 34–137].

Диссертацияны жазу барысында автор ортағасырлар тарихындағы құбылыстарды талдауға мүмкіндік беретін отандық тарихнама мен тарихи ғылымда қалыптасқан бірқатар әдіснамалық зерттеу тәжірибесін пайдаланып, олардың ішкі мазмұны жағынан тұтас болып келетін, жаңа ғылыми туындының жарық көруіне себеп болғаны көзге бірден түседі.

Зерттеу мазмұнын толығымен ашуда қолданысқа енген деректердің тұжырымдық сипаты диссертацияның сапалы орындалуына өз әсерін тигізген [3; 34–54]. Ғылыми ізденіс барысында тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындаған диссертацияның авторы төмендегі нәтижелерге жеткен.

Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың шығармашылық мұрасы оның өмірі және қызметі арқылы салыстырмалы түрде зерттелген. Осыған орай диссертант зерттеліп отырған тақырыпқа объективті көзқараспен, яғни тарихи тұлғаға ғылыми баға беруге тырысқан. Диссертацияның 22 бетінде автор былай деп жазады: «Мырза Хайдар өте адал, өнегелі, парасатты және де өте діни адам болған. Әрине, жұмыр басты пенде болған соң қателесуі де тән. Оның қателері мен игі істерін таразыға салып өлшеуге де болмайды. Өйткені ізгі істерінің көптігі оларды таразылауға келмейді. «Тарих-и Рашидиді» оқып отырып, Мырзаның қаншама діни кісілермен кездесіп, әрдайым олардан кеңес сұрап отырғанын, оларға құрметпен бас иетінін көресің».

М.Ә.Қалиеқова Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың мемлекеттік қайраткер және тарихнамашы бола тұрып, өзіндік азаматтық қағидаларынан бас тартпағандығын, ғылыми түрде дәлелдеу білген. Орта Азияда орын алған таққа талас, өзге жерлерді жаулап алу үшін жүргізілген соғыстар басты кейіпкерді алаңдатып қана қоймай, оның ғылыми ұстанымдарының элиталық биіктікте сақталуына себеп болған. «Мырза Хайдар парасатты адам болғандықтан, негізінен өзі куәсі болған оқиғаларды суреттеп қана қоймай, оларға өз ойын, пікірін, көзқарасын білдіріп те отырған... Саид ханның ұлы Әбдірашид хан мен патша сарайындағы өзге де Мырза Хайдардың талантына іштарлық жасаушылардың зұлымдық істері имансыздық болса да, үлкен жүректі Мырза Хайдар кітабында оларға жаулық етпейді, дұшпандық ойларға берілмейді» [3; 28, 30].

Аталмыш диссертация авторы осы күнге дейін тарихнамада және тарихта бағалануы біржақты болып жүрген Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың Кашмирді жаулап алу себептерін деректерге сүйене отырып, жан-жақты, яғни сын көзбен қарастырып, оған өзіндік баға берген [3; 24–33, 55–82]. «Мырза Хайдар Кашмирді өзі үшін жаулап алған жоқ. Не істесе де ол халық үшін, болашақ үшін жасады. Оның сенімі мықты болды. Сондықтан да алға қойылған жаңа мақсат — Кашмирді жаулап алуға Мырза Хайдар батыл аттанып, ойдағысын жүзеге асырды... Кашмирді ол бейбіт жолмен алды және де сол аймақта өмірінің соңғы жылдары өтті. Кашмир өлкесін де, халқын да Мырза Хайдар жақсы көрді. Кашмирді ол гүлдендірді, түрлі мәдениет салаларын дамытты. Дінді насихаттады. Бар білімін, өмір тәжірибесін игілікке жұмсады. Мырза Хайдар пәк пиғылды, үлкен жүректі гуманист адам болғандықтан, моғолдарға қалай қызмет етсе, кашмирліктерге де солай қызмет жасады. Мырза Хайдар Кашмир шииттерінің Сринагардағы өзі салған әдемі ғимараттарды өргесе де, ол ашуға бой алдырып, адамдық қасиетін жоғалтпайды. Өйткені ол досқа да, дұшпанға да кешірімшіл еді» [3; 31, 32].

Қарастырылып отырған тарихи деректер негізінде диссертант «Тарих-и Рашидиді» ғылыми еңбек екенін дәлелдеп, Мырза Хайдардың тиянақты тарихшы-ғалым, тарихнамашы және деректанушы екені жөнінде тұжырым жасаған [3; 34–55]. «Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» 36 автордың еңбектерін пайдаланған. Жалпы шығармалардың саны жетпістен асады. Яғни ол өзі өмір

сүрген ғасырға дейін болған, өзі көрмеген, білмеген оқиғаларды сөз еткенде ғана оларға сенімді дерек көздері ретінде сүйенген» [3; 55].

Диссертацияда тұңғыш рет Үндістан және парсы тілді Орта Азиялық тарихшылардың ғалымдарының М.Х.Дулат хақындағы пікірлері салыстырмалы түрде қарастырылып, олар жөнінде: «Мырза Хайдарға деген көзқарастарының қазіргі үндістан тарихшыларының ортағасырлық тарихшылардың көзқарастарынан шықпайтынын айқын көре алдық. Ғасырдан ғасырға, жылдардан жылдарға тарихшылардың тарихты талдамай, жаңа деректерді іздемегендеріне көз жеткіздік» және «Ұлы кеменгер шығармасының парсы тілді тарихшылардың еңбектеріне орасан зор ықпал жасағанын атап өткіміз келеді» деген түйін жасалынған [3; 55–83, 83–90].

Отандық тарихнамада ТМД елдері және Қазақстан ғалымдарының М.Х Дулат пен оның «Тарих-и Рашидиі» туралы зерттеулері алғашқы рет жүйелі түрде топталып, оларға ғылыми талдау жасалынып, мәселені болашақта зерттеу жолдары көрсетілген. Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиі» тек тарихшылардың ғана емес, сонымен қатар еліміздің географ, философ, филолог, психолог-ғалымдарының еңбектерінде де орын алып арнайы айтылғаны туралы сараланған [3; 91–113, 113–137].

Диссертант «Мұхаммед Хайдар Дулати» деп атағанынан гөрі, «Дулат» деп жазғаны жөн сияқты. Өйткені «и» жалғауы әдетте топоним, жергілікті орынды атағанда қолданылады. Мысалы, Махмұд Кашгари, яғни «Қашғарда туған Махмұд», «Қашғардың Махмұды» деген ұғым береді. Ал адамның руға немесе тайпаға жататындығы туралы сөз болғанда немесе этникалық шығу-тегі жөнінде айтылса, мұндайда «и» жалғауы қолданылмайды.

Жалпы айтқанда, Мырза Хайдар Дулаттың заманындағы тарихи тұжырымдамаларға баға беру, тарихи ой-пікірдің әрбір бағытына тән әдістемелік қағидаларды зерделеу, «Тарих-и-Рашидидің» деректік негізін талдауға байланысты түйіндері, т.б.с.с. автордың пікірлері өз жариялануын ғасырлар бойы күткен.

Жоғарыда аталынған мәселелерге байланысты келесіде мынадай міндеттерді шешу қажеттілігі туып отыр:

– Мұхаммед Хайдар Дулат қорының қасынан анайы Кеңес құрып, оның аясында мамандарды топтастырып, болашақ жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізу жоспарын жасап, олардың сапалы орындалу жолдарын іздестіру;

– М.Х.Дулаттың жерленген жері мен зираты жөнінде ортақ пікір қалыптастыру;

– Ортағасырлардағы қазақтар мен Үндістан арасындағы тарихи байланыстарды нақтылауды жүзеге асыру;

– жаңа деректер мен құжаттық материалдарды көпшілікке жеткізу;

– болашақ ғылыми экспедициялардың жоспарын құру және табылған деректер мен құжаттар қорытындыларын басып шығару.

Дегенмен осы және бұдан да бөлек мақсаттарды жүзеге асыру үшін Египетте Сұлтан Бейбарыс мешіті мен Дамаскідегі әл-Фарабиді қайта өңдеуге байланысты «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жасалғандай, Қазақстан мен Үндістан арасында мемлекетаралық келісім жасау мәселесін қою қажет.

Әдебиеттер тізімі

1 Mirza Haidar Dughlat as depicted in Persian Sources. Original text, translated and introduced by Mansura Haidar. — New Delhi: Manohar, 2002. — P. 7.

2 Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. — Алматы: Тұран, 2003. — 616-б.

3 Қалиеқова М.Ә. «Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы: тарихнамалық талдау (XVI ғ. ортасы — XXI ғ. басы)». 07.00.09 — «Тарихнама, деректану және зерттеу әдістері» мамандығы бойынша тарих ғыл. канд. ...дис. автореф. — Алматы, 2009.

С.Ф.Мажитов

**Узловые вопросы в изучении наследия и места захоронения
Мухаммеда Хайдара Дулати
Об исследовательских работах Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Уалиханова**

В данной статье автор рассматривает основные направления исследовательской работы Института истории и этнологии имени Ч.Ч.Уалиханова, выполняемые в рамках Государственной программы «Культурное наследие». Анализируется работа научной экспедиции в Индию, посвященной изучению места захоронения Мухаммеда Хайдара Дулати и его наследия.

S.F.Mazhitov

**The heritage of Mukhammed Khaidar Dulati and important problems
in research of place he buried
About research works of insitute of history and ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov**

In article author considers the major trends of scientific researches of the Institute of History and Ethnology after Sh. Sh. Ualikhanov realizing in framework of State Program «Cultural Heritage». There are scientific expedition in India devoted to study the burial place of Mohammed Haidar Dulati and his heritage analyses.

* * *

УДК 325.1(574)+(925)

Е.П.Зимовина

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

**Казахстан в системе миграционного
взаимодействия стран Центральной Азии**

В статье исследованы проблемы активного миграционного обмена между соседними странами. Автором на основе тщательного анализа демографической ситуации в Казахстане доказано, что активизация миграционных процессов стала одной из острых проблем Казахстана в постсоветский период. Большая часть миграционных потоков приходится на внутренние перемещения по территории Казахстана. Во внешних миграциях наиболее активное миграционное взаимодействие происходило и происходит в рамках СНГ.

Ключевые слова: Центральная Азия, демографические процессы, миграции, миграционные процессы, население, демографический модель, миграционные потоки, трудовая миграция, эмиграция высококвалифицированных специалистов, экологическая миграция.

Центральная Азия является специфичным по характеру происходящих демографических и миграционных процессов регионом. Имея много общего в характеристиках населения, каждая страна в отдельности представляет уникальную демографическую модель, которая, с одной стороны, продуцирует миграционные потоки, с другой — сама претерпевает существенные изменения под влиянием миграции. На современном этапе основными миграционными проблемами для стран Центральной Азии являются нелегальная трудовая миграция, эмиграция высококвалифицированных специалистов (т.н. «утечка умов»), экологическая миграция. Наряду с этим активно идет процесс репатриации представителей титульных наций Центрально-Азиатских государств. До сих пор в миграционных законодательствах стран региона до конца не отрегулированы вопросы, касающиеся беженцев и перемещенных лиц, а некоторые этнические группы и вовсе лишены возможности на получение данного статуса. Громоздкими являются сами механизмы принятия гражданства и вида на жительство.

Тем не менее Центрально-Азиатский регион является территорией активного миграционного обмена между соседними государствами. С одной стороны, этому способствуют политические, соци-